

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## **ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Есенова Балнұр Азаматқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 6В01717 «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
тобының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Сламбекова Т.С.**

Бүгінгі таңда біртұтас оқу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және арттыру жаңа тәсілдер мен инновациялық әдістерді қажет етеді.

Тарихта сауаттылық жайлы түсінік пен оның адамдар өміріндегі рөлі де айтарлықтай өзгерді. Алғашқы кезеңдерде сауаттылық тек әріптер мен сөздерді оқу және жазу дағдыларын меңгеру ретінде қарастырылды. Кейінірек ол түсініп оқу және қысқа әрі қарапайым мәтін жаза алу дағдысы ретіне анықталды. Жалпы «функционалдық сауаттылық» ұғымы педагогикада ХХ ғасырдың 60-жылдарының аяғында пайда болды және уақыт өте келе бұл ұғым ауқымы кеңейе түсті.

Педагогикалық әдебиеттерде «функционалдық сауаттылық» ұғымы келесідей қарастырылады:

1. Функционалды сауаттылық – адамның өмір бойы алған білімін әрекет пен қарым-қатынастың, қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларында кең ауқымды өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана білуі. [1]
2. Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеті және сол ортаға бейімделе отырып қарым-қатынас жасай алу деңгейі. [2]
3. Функционалды сауаттылық – тұлғаның өмір тіршілігінің әртүрлі саласындағы міндеттерді шешу нәтижесі және негізі.

Қарастырылып отырған көзқарастарды талдау негізінде функционалдық сауаттылық келесі құрылымдарды қамти алады деп айта аламыз: пәндік білім мен дағды, алған білімдерін практикалық сонымен қатар, шығармашылық түрде қолдана алу, өзін-өзі тәрбиелеу мен білім алуды ұйымдастыру.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру міндеті мектептердің ең өзекті міндеттерінің бірі ретінде белгіленген. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен арттыру мақсатында «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» бекітілді.[4] Ұлттық жоспардың мақсат-міндеттері ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған сабақтарды ұйымдастыру, ғаламдық және отандық әдістерді зерделеу мен білім алушылардың білім сапасын бағалау жүйесін дамыту алынды. Нәтижесінде критериялды бағалау жүйесі енгізіліп, халықаралық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленді, ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында қоршылық кеңестері құрылды.

The Programme for International Student Assessment (PISA) 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану саласындағы білімдері мен дағдыларын өлшейтін халықаралық деңгейде мойындалған бағалау болып табылады. Ол білім алушылардың өз білімдері мен дағдыларын нақты әлемдегі проблемалар мен жағдайларда қолдану қабілетін бағалайды. PISA оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану пәндері бойынша құзыреттілігін бағалау үшін бірнеше таңдау және ашық сұрақтардың жиынтығын пайдаланады. Бағалаудың мақсаты білім алушылардың тек пәнді меңгеру деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың сыни-тұрғыдан ойлау, мәселелерді шешу қабілеттерін де өлшеуге бағытталған.

Осылайша, функционалдық сауаттылық білім мен дағдыларды, көзқарастар мен құндылықтарды жұмылдыру, сондай-ақ рефлексиялық көзқарасты қабылдау қабілеті ретінде білім алушыларда белгілі бір құзіреттіліктерді қалыптастыру арқылы көрінеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізетін жаһандық зерттеуге Қазақстан алғаш рет 2009 жылы қатысса, одан кейін 2012, 2015 және 2018 жылдары қатысты. Қазақстандағы PISA үшін ең соңғы қолжетімді деректер 2018 жылы өткізілген зерттеу және онда келесі көрсеткіштер берілген:

Оқу сауаттылығы: жазба мәтіндерді түсініп, қолдана алу және ой елегінен өткізе алу деңгейі 2018 жылы Қазақстан бойынша орташа балл 387 болды. Бұл ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіші 487-ден төмен.

Математикалық сауаттылық: есептерді шығару және пайымдау деңгейі 2018 жылы орташа балл 423-ті құрады. Бұл ЭЫДҰ 489 көрсеткішінен төмен.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылық: ғылыми құбылыстарды түсіндіру және деректер мен дәлелдемелерді негіздеу деңгейі Қазақстанда 2018 жылы орташа балл 397 болды. ЭЫДҰ 489 көрсеткішінен әлі де төмен.

Деректерді талдай отырып, Қазақстандағы білім алушылардың нәтижелері ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен төмен екенін атап өткен жөн. PISA білім беру нәтижелерінің бір ғана өлшемі екенін және білім сапасы мен педагогтерді дайындау және мектеп инфрақұрылымы секілді басқа да факторлар да білім алушылардың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. PISA-2018 қатысушылар жаңартылған білім беру мазмұнына көшпеген білім алушылар. Жаңартылған білім беру мазмұнының әсері мен тиімділігі тек PISA-2021 және PISA-2024 деректері арқылы анықталатын болады.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында қойылған міндеттердің бірі PISA халықаралық зерттеулердегі қазақстандық оқушылар нәтижелерінің алшақтығын қысқарту мен PISA тестінің нәтижесі бойынша мектептерде білім беру сапасын бағалау. [5]

Оқытудың жаңа технологиялары негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және тұлғалық қарым қатынасты дамыту мәселесі заманауи педагогиканың алға қойған міндеттерінің бірі. Жоғарыда пайымдалғандай, функционалдық сауаттылық адамның негізгі қабілеттерін дамыту, қоғамның өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыруға ықпал етеді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру күрделі, ұзақ әрі көпжақты процесс екенін ескерсек, оқытудың жаңа технологияларын сауатты ұштастыру мен шеберлікпен ғана нәтижеге жетуге болады.[3] Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттырудағы негізгі тетік ретінде ала отырып, жаңартылған білім мазмұны аясында оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында сабақта келесі әдістерді қолдануға болады:

Интерактивті тілдік ойындар: Интерактивті тіл ойындары функционалдық сауаттылықты қызықты және тартымды түрде дамытудың тиімді әдісі болып табылады. Бұл ойындар студенттердің оқу және жазу дағдыларын жақсартуға, сондай-ақ олардың түсінгендерін және нақты әлемдегі жағдайларда қолдану қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Түпнұсқалық материалдармен жұмыс: Қазақ тілінде жазылған газеттер, журналдар және веб-сайттар сияқты түпнұсқа материалдарды пайдалану оқылым және жазылым дағдыларын және функционалдық сауаттылық тұрғысынан ақпаратты өңдеу, қолдану сынды дағдыларын дамытады. Қазақ тіліндегі «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Ұлан» газеттері мен Вақ.kz, Emle.kz, Qazlatyn.kz, Qujat.kz сынды веб-сайттарды дереккөз ретінде ұсынуға болады.

Mind map немесе интеллект карта: идеяларды түсінуге оңай етіп ұйымдастыру және байланыстыру үшін қолданылатын көрнекі диаграмма. Ақпараттың визуалды көрінісі есте сақтауды жеңілдетеді және білім алушылардан ақпаратты талдауды және бағалауды, сондай-ақ

эртүрлі идеялар арасында байланыс орнатуды талап етеді. Бұл сыни ойлау дағдыларын да дамытуға көмектеседі.

Сюжеттік-рөлдік ойындар: Білім алушылардың шығармадағы оқиғаға терең бойлап, кейіпкерлердің рөлдерін сомдау арқылы олардың уәждерін, көзқарастарын және әрекеттерін тереңірек түсінеді. Бұл оларға мәтінді сыни тұрғыдан талдауға және тақырыптар мен хабарламалар туралы тереңірек түсінуге көмектеседі. Сюжеттік-рөлдік ойындар ынтымақтастықты, қарым-қатынасты және топтық жұмысты ынталандыру арқылы оқушылардың әлеуметтік дағдыларын жақсартып алады.

Сыни тұрғыдан ойлау элементтерін қолдану: «Блум текшесі», «Аяқталмаған сөйлем», «Шындық-жалған тұжырымдар», «Логикалық тізбек» сынды әдістерді қолдану.

Сыныптан тыс жұмыстар: Театрлар мен көрмелерге, кітап клубтарына, экскурсияларға, ашық аспан астындағы музейге, әдеби кездесулер мен ақындар айтысына, ғылыми конференцияларға бару білім алушыларды эртүрлі мәдениеттер мен көзқарастармен таныстырып, бұл олардың әлем туралы түсінігін кеңейтіп, мәдени хабардарлықты арттырады.

Эвристикалық оқыту әдістерін қолдану «Қазақ тілі» мен «Әдебиет» сабақтарында білім алушылардың функционалдық деңгейін арттыруға ықпал етеді:

1. Идеяларды ұжымдық іздеу әдісі.
2. Жобаны модельдеу әдісі: білім алушылар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, материалды жоба түрінде ұсынады. Топпен жұмыс істегенде міндеттер мен рөлдердің бөлінуі жүреді.
3. Шығармашылық оқу әдісі: көркем оқу, түсіндірме оқу, мәселе қою, алған әсерлерін білдіру арқылы әңгімелесу.
4. Рефлексия әдісі: ауызша талқылау, жазбаша сауалнама, қызығушылықтың, тұлғаның белсенділігінің, өнімділігінің, әл-ауқатының өзгеруін графикалық бейнелеу, білім тереңдігін өз бетінше жүзеге асыру т.б. Мұның бәрі оқытылатын материалды бекітуге, сондай-ақ қорытынды жасауға мүмкіндік береді.
5. Эвристикалық сұрақтар әдісі («Сократтық әдіс»): проблемалық жағдайды шешуде қосымша ақпарат жинау үшін қолданылады.

Функционалдық сауаттылық – күнделікті іс-әрекетке тиімді қатысу үшін ақпаратты оқу, жазу және түсіну қабілеті. Білім алушылардың басым бөлігінің әлеуметтік желілерді пайдаланатынын ескере отырып та, эртүрлі платформалар арқылы функционалдық сауаттылықты арттыруға көмектесетін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану бүгінгі күні маңызды. TikTok негізінен ойын-сауыққа арналған әлеуметтік медиа платформасы болғанымен, оны функционалдық сауаттылықты арттыру үшін пайдаланудың бірнеше жолы бар:

Білім беру мазмұны: TikTok тіл үйренуден қаржылық сауаттылыққа дейін білім беру мазмұнының кең ауқымын ұсынады. Осындай мазмұнды бөлісетін тіркелгілерді орындау арқылы пайдаланушылар білімдерін арттырып, функционалдық сауаттылықтарын жақсартып алады.

Қысқа бейнелер: TikTok қысқа пішінді бейне пішімін күрделі тақырыптарды түсінуге оңай үзінділерге бөлу үшін пайдалануға болады. Оқытушылар эртүрлі ұғымдарды түсіндіретін тартымды бейнелер жасай алады, бұл пайдаланушылардың ақпаратты түсінуін жеңілдетеді.

Интерактивті викториналар: TikTok-тың сауалнамалар мен викториналар сияқты мүмкіндіктерін интерактивті білім беру мазмұнын жасау үшін пайдалануға болады. Мысалы, грамматика немесе лексика бойынша викторинаны құруға және пайдаланушыларға білімдерін тексеруге және қызықты түрде үйренуге көмектесу үшін платформада бөлісуге болады.

Жалпы, TikTok оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтыратын және функционалдық сауаттылықты арттыратын пайдалы құрал бола алады, бірақ оған білім берудің жалғыз көзі ретінде сенуге болмайды. Жан-жақты оқу тәжірибесін қамтамасыз ету үшін оны кітаптар,

онлайн курстар және басқа оқу материалдары сияқты басқа ресурстармен бірге пайдалану өте маңызды.

2017 жылы ҰБТ форматына оқу сауаттылығы енгізілді. Талапкердің оқу сауаттылығын тексеру мәтіндерді ұғына білу қабілеті мен негізгі ақпаратты табу, мәтінді құрылымына талдау мен стильдік талдаулар дағдысын тексеруге бағытталған. Оқу сауаттылығы бойынша қойылатын негізгі талаптардың бірі – білім алушының мәтін мазмұнын түсіну.

Білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында мәтіндердің де тақырыптық ауқымы нақтылы өмірден алынған тәжірибелерге сүйенуі тиіс. Мысалы, қазақ тілі пәні бойынша сабақ кестесі; театрға, концерттерге билеттер іздеу; электронды сауалнамалар толтыру; көліктің барлық түріне билет іздеу; аспаздық рецепттерді қолдану; интернетте тауарларды таңдау сынды тақырыптар аясындағы мәтіндер оқу бағдарламасының мазмұнында қамтылуы тиіс. Функционалды оқу сауаттылығы қалыптасқан білім алушы нақты әрекеттер жағдайында өтініш толтыру, нұсқаулықпен жұмыс жасау, тауарларды рәсімдеу, келісімшарт толтыру, түйіндеме жазу сынды жағдаяттарда оқу және жазу дағдысын мүмкіндігінше пайдалана алады.

Қорытындылай келе, қазіргі әлемде ақпарат әртүрлі нысандарда оңай қол жетімді, ал функционалды оқу сауаттылық адамға өзінің жеке және кәсіби қажеттіліктері үшін ақпаратқа қол жеткізуге, түсінуге және пайдалануға мүмкіндік береді. Білім сапасын жаңғырту, оның жаңа мазмұнға көшу мақсаты – мектеп оқушыларының функционалды оқу сауаттылығын арттыру. «Қазақ тілі» мен «Әдебиет» сабақтарында жаңа тәсілдер мен инновациялық әдістерді қолдану функционалды оқу сауаттылықты арттырудағы тиімді педагогикалық тәжірибе.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Леонтев А.А. Педагогика здравого смысла. М.: Смысл, 2016. 328 с.
2. Таубаева Ш.Т., Мақсұтова И.О. Дидактикадағы инновация: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2022. – 377 с.
3. Дроботенко Ю.Б., Назарова Н.А. Функциональная грамотность как объект междисциплинарного исследования и условие повышения качества образования // Проблемы современного педагогического образования. 2021. № 72-2. С. 66-71
4. Оқушылардың функционалды оқу сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. 25.06.2012, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы, Астана
5. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы. 12.10.2021, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы, Астана

ОӘЖ178.11.50

### **СУИЦИДАЛЬДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Ерубасева А.Р.**

Ш. Есенов атындағы КТЖИУ-нің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Үсен Мадина, ғылыми жетекшісі магистр-оқытушы  
Қазақстан республикасы, Ақтау қаласы

Өткен ғасырда белең алған ересек адамның өз-өзіне қол жұмсауы балаларға ауысып, ХХІ ғасырдың негізгі бір дертіне айналды. Қоғамдағы тарихи, саяси, экономикалық өзгерістер күрделі әлеуметтік көтерілу немесе құлдырауға әкеледі. Әрине, ондай өзгерістер қоғамды